



## ОҚЫТУШЫ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Кезекті ректорат мәжілісі дәстүр бойынша студенттерге демеулік шәкіртақы табыстаумен басталды.



Халықаралық бизнес университетінің президенті, ҚазҰУ-дың бұрынғы проректоры қызметін атқарған Дархан Ахмед-Зәки арнайы келіп, механика-математика факультетінің магистранттары мен студенттері – Бекжан Досанов, Нұрғали Қадырбек, Мақсат Мұстафин, Ержан Кенжебек және Нұрислам Қасымбек шәкіртақы табыстады.

Сондай-ақ ұзақ жылдар университет дамуы жолында еңбектеніп, жоғары білікті маман тәрбиелеуге қосқан өлшеусіз үлесі үшін бірнеше ғалымдар марапатқа ие болды. Экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Экономика және бизнес жоғары мектебін жемісті басқарған Баян Ермекебаева, ф.ғ.д., профессор, шығыстану факультетіне басшылық еткен Баян Жұбатова және ҚР БҒМ ұйымдастырған Ғылым мен бизнестің бірігуі форумында 2012-2016 жылдардағы Web of Science Core Collection деректері бойынша «Жасыл энергетика саласындағы ең көп сілтеме жасалған қазақстандық зерттеуші» аталымы бойынша б.ғ.д., профессор, биология және биотехнология факультетінің деканы Болатхан Заядан алғыс хатпен марапатталды.

Мәжілісті жүргізген бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев ОПК контингенті және факультеттер мен кафедралардың штаттық кестесін қалыптастыру туралы мәлімет берді. Ол факультеттердің рейтингісіне және биылғы жылы оқуға қабылданған студент, магистрант, докторантар санына

кенінен талдау жүргізіп, әр факультет пен кафедра, ОПК-ға жеке талдау жасалды. Бірінші проректор оқытушы-профессорлық құрамның педагогикалық жүктемесін анықтауда дәрісті тек доцент пен профессор оқуы міндетті десе, семинарды аға оқытушы мен оқытушының ассистенті жүргізуі тиіс деп қадап айтты. Бүгінде ҚазҰУ-да 1921 оқытушы-профессор болса, оның ішінде 354 ғылым докторы, 757 кандидат, зейнеткерлік жастағы 408 оқытушы-профессор жұмыс істейді.

Сонымен қатар мәжілісте MDP бағдарламасының директоры Рафис Абазов MDP/Global Classroom program on Sustainable development бағдарламасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерін ашық есік күніне шақыратыны жайлы хабарлады.

XXI ғасырда көшбасшы болатын жас мамандарды дайындау үшін құрылған бағдарлама әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география және табиғатты пайдалану факультетінің тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасында жүзеге асырылады.

Рафис Абазовтың айтуынша, «Тұрақты даму» бойынша магистратура – Колумбия университетінің Жер институтының MDP бағдарламасымен бірлескен магистранттарға арналған екіжылдық бағдарлама. Жергілікті, аймақтық және халықаралық жобаларға қатысу оқу үрдісінің міндетті бөлігі болып табылады. Студенттер жеке немесе топтық жобаларға қатысуға таңдау жасай алады.

Жалғасы 2-бетте

## СТАНЬ СВЕТОМ!

Команда студентов факультета журналистики КазНУ им. аль-Фараби Space Nomads одержала безоговорочную победу в конкурсе «Энергия будущего» на лучшее студенческое видео от компании Canon Europe, завоевав первое место и ваучер на сумму 600 000 тенге на покупку видеоаппаратуры Canon. Церемония награждения прошла 6 сентября в павильоне Австрии на территории Международной выставки EXPO-2017 в Астане.

Продолжение на 3-стр.

## МИР НАУКИ

Рисунок из статьи молодого ученого нашего университета попал на обложку престижного научного журнала.



На обложке последнего номера (август, 2017) престижного международного научного журнала «Crystal Research and Technology» размещен рисунок из статьи молодого ученого нашего университета, зав. кафедрой общей и неорганической химии Болат Уралбекова с соавторами «Growth of the complex borates  $YxRySc_{2+z}(BO_3)_4$  ( $R = Nd, Pr, x + y + z = 2$ ) with huntite structure».

Журнал, опубликовавший исследование, входит во второй квартал журналов по химии и материаловедению (данные SCIMago Journal Rank). Работа, выполненная в содружестве с российскими и французскими учеными, посвящена синтезу сложных боратов с ранее неизвестной структурой, имеющих перспективы применения в оптических устройствах для приборов лазерной техники.

Выбор именно названной работы из более чем десятка статей для размещения на обложке журнала (cover picture) свидетельствует о значительном вкладе в химию и технологию кристаллов, сделанном ученым нашего университета в коллаборации с зарубежными коллегами.

Следует отметить, что за последние два года сотрудниками кафедры опубликовано около десятка статей в области материаловедения, в частности, роста неорганических кристаллов, в международных реферируемых журналах.

Рашид НАДИРОВ,

председатель Совета молодых ученых факультета химии и химической технологии

### БҮГІНГІ САҢДА:

РЕКТОР КАЗНУ –  
ОБЛАДАТЕЛЬ  
ПРЕМИИ ISESCO



2-стр.

МУЗЕЙ АЯСЫНДАҒЫ  
ТӘЛІМДІК САБАҒЫ



3-бет

БІЗДІҢ ЖОБАЛАРЫМЫЗ  
ЕЛБАСЫ МАҚАЛАСЫМЕН  
ҮНДЕС



4-бет



# РЕКТОР КАЗНУ – ОБЛАДАТЕЛЬ ПРЕМИИ ISESCO

Ректор КазНУ им. аль-Фараби Галым Мутанов получил золотую медаль и Международную премию ISESCO. Его вручил генеральный директор Исламской организации по вопросам образования, науки и культуры (ISESCO) Аль Туэйджи, в ходе работы сессии «Развитие сотрудничества в области науки и технологии» саммита ОИС в Астане.



биологии, химии, геологии, математики, физики и научных технологий. Премия включает в себя сертификат, золотую медаль и денежное вознаграждение.

ISESCO была учреждена в 1979 году Организацией «Исламская конференция» (ныне Организация исламского сотруд-

ничества) и объединяет более 50 государств мира. Деятельность этой международной организации направлена на всестороннюю поддержку и развитие науки, образования и культуры стран исламского мира.

Казинформ

## ■ ҚЫСҚА-НҰСҚА

**На факультете географии и природопользования прошел научный семинар на тему «Проблемы управления твердыми бытовыми отходами (ТБО) г. Алматы»**

В рамках круглого стола участники обсудили современное состояние системы управления г. Алматы, мониторинг загрязнения земель ТБО в буферной зоне, возможности разработки экономических механизмов решения проблемы загрязнения буферных зон твердыми бытовыми отходами на примере города Алматы.

Факультет географии и природопользования

\*\*\*

**Заң факультетінің бірінші курс студенттеріне арналған «Бағдар беру» апталығы өткізілді.**

Университетке алғаш қадам басқан студенттер ҚазҰУ тарихымен және қалашықтағы нысандармен кенінен танысты. Олар кампустың мұражайлар, кітапханадан көптеген қызықты мәліметтер алды, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығындағы қызмет түрлері жайында білді, тамақтандыру комбинатында, интернет орталығында және спорт кешенінде болып қайтты.

«Бағдар беру» апталығы барысында бірінші курс студенттеріне ҚазҰУ-дың академиялық саясаты, «ҚазҰУ студенттерінің ар-намыс кодексі» және «ҚазҰУ студенті туралы ереже» түсіндіріліп, әрбір студентке жадынама тапсырылды.

М.Н. УМБЕТОВ,

заң факультетінің аға оқытушысы

\*\*\*

**На факультете востоковедения, в отделении японоведения по специальному приглашению КазНУ имени аль-Фараби состоялся ряд лекций ученого, профессора гуманитарных наук из Токийского университета Тономура Масару.**

Профессор Тономура является специалистом в области истории Японии, автором книг и множества ценных научных исследований, в частности на тему «История корейского народа в Японии». Данные лекции посетили как студенты, так и преподаватели и студенты-магистранты, докторанты. Профессор подготовил для студентов факультета уникальное выступление, тематически охватывающее основные аспекты истории Японии, что весьма полезно для изучающих язык этой страны. Начав с общих теоретических познаний, в ходе лекции профессор подробно описал свои исследования, поделился результатами, комментируя все незнакомые для студентов термины. По окончании лекции студенты смогли задать профессору вопросы, на которые они получили подробные и четкие ответы. Проведение подобных лекций имеет большое значение для дальнейшего изучения японского языка студентами и способствует укреплению сотрудничества в сфере науки и образования с университетами Японии.

Наталья ЕМ

РЕКТОРАТ Жалғасы. Басы 1-бетте

## ОҚЫТУШЫ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Кейбір жобаларды MDP жаһандық жүйесіне кіретін екі немесе одан да көп университеттерден құралған бірлескен топтар жүзеге асырады. Магистранттар MDP дәрежесіне сәйкес кредиттер алып, ынтымақтастық туралы келісімшарт орнату арқылы MDP жаһандық жүйесіне кіретін кез келген университетте I семестр оқуға мүмкіндік алады. Оқыту бағдарламасы БҰҰ қызметі, жаһандану, жана медиа, IT технология, басқару, жасыл экономика және энергетика секілді ғаламдық тұрақты даму мәселелерінің саяси, экономикалық және құқықтық мәселелерін жақсы түсіну үшін әлемдік деңгейдегі университеттермен бірлесе әзірленген. Шетелдің және жергілікті үздік оқытушылар, зерттеушілер және тәжірибешілер студенттердің бойындағы көшбасшылық қасиеттердің, жүйелік және

аналитикалық ойлау мен жоғары біліктілікті басқару тәжірибесінің дамуына ат салысады. «Тұрақты даму» бойынша бағдарламалары тусушілердің бәсекеге қабілетті қасиеттеріне, профессионалды қызығушылықтарына және тәжірибесіне, академиялық көрсеткіштеріне негізделген. Талапкерлерде кредиттік негіздегі университеттен алынған бакалавр дәрежесі болуы тиіс. Сонымен қатар, барлық студенттер ағылшын тілін білетіндіктерін сәйкестендіретін құжаттарын, яғни сертификаттарын (IELTS, TOEFL және т.б.) тапсыруы қажет.

Мәжіліс барысында Экономика және қаржы департаментінің директоры Хәкімжан Малаев рейтинг нәтижелері бойынша ОҚП, кафедралар мен факультеттерді қаржылай ынталандыру туралы хабарлама жасап, өзге де өзекті тақырыптар талқыға түсті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

**Философия және саясаттану факультеті, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының меңгерушісі, профессор Г.С.Әбдірайымованың ұйымдастыруымен «Психологиялық әдіксиясы және жастармен психотехнологиялық жұмыс» атты тақырыпта Б.Ельцин атындағы УрФУ профессорлары А.В. Пономорев және И.С. Крутько жаңа технологиялар енгізу туралы дәріс оқыды.**

## САБАҚТАСТЫҚ

Психология ғылымдарының докторы Крутько Инна Сергеевна дәріс сабағында аудиторияда тыңдалымға келген магистранттармен өзара ықпалдастық қарым-қатынас орнату отырып, жан-жақты тақырыптар төңірегінде ақпараттар тізбегімен хабарлар етті. Жалпы, дәріс барысында ашық сұхбат әңгімелер мен сұрақтар қойылды. Сабақ барысында психосоматика теориясымен байланысты өмірлік тәжірибелер кең мағынада талданды. Яғни, ата-ана мен бала арасындағы жасерекшелік кезеңге сәйкес қозғалуы тиіс мәселелер, баланың жеке тұлғалық бейнесін қоғам назары тұрғысынан таныту, ер мен әйел адам арасындағы жеке гигиеналық талаптар терең талданды. Адамдармен өзара қарым-қатыныста байланысты тереңдетудің әдіс-тәсілдерін тренинг ойындары арқылы толықтай ұғындырды.

Бірінші проректордың орынбасары, Жастармен ұйымдастыру жұмысы кафедрасының меңгерушісі, доктор Пономорев Александр Владимирович магистранттарға оқу орнының мемлекет көлеміндегі дәрежесі, құраушы кафедра құрамы және негізгі оқу үрдісі тізбегімен, шетел азаматтарының білім алу барысында негізгі атқаруы тиіс міндеттерімен таныстырды. Атап айтар болсақ, магистрлік диссертация тақырыптарының таңдалу реті, негізгі қойылатын талаптар және білім берудің жалпы мерзімінде зерттеу жұмысына сәйкес ғылыми мақалалар шығару ерекшеліктері, сондай-ақ арнайы зерттеушілік мақсатта шетел азаматтарына тәжірибелік апталықтың камту мерзімі мен көрсетілетін көмектер сипатымен толықтай хабарлар етті.

И.С. САРЫБАЕВА,

әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы меңгерушісінің орынбасары

## Оқырман көңілін жаулады

Алматыда қалалық Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің ұйымдастыруымен Ғылым ордасы алаңында «Kitapfest-2017» Кітап фестивалі өтті.



Кітап фестивалі – кең көлемді интерактивті аландардың жиынтығы. Шараның өтуіне Алматы қаласы әкімдігі мен «Нұр Отан» партиясы қолдау көрсетті. Келушілерді Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің қызметкерлері «Үздік қазақстандық 100 кітап» көрмесінің ашылуы мен «Балалар кітабының әлемі» көрмесін тамашалауға шақырды.

Кітап фестивалінде құнды кітаптарын ұсынған ҚазҰУ-дың «Қазақ университеті» баспа үйі де келушілерге қызықты бағдарламаларын ұсынды. Баспа үйі оқырмандарына арнап 2017 жылдың жана оқулықтарын 25% жеңілдікпен, ал әлем бестселлерлерін қала бойынша ең арзан бағамен ұсынып, стенд алдында қонағы болған әрбір студентке қалаған оқулықты тегін ұсынды.

Бүлдіршіндірге арнап дайындалған арнайы кітап жәрменкесі де шараның көркін ашты. Сондай-ақ, ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 1-курс студенттерінің қатысуымен флеш-моб, түрлі ойындар мен ұтысты викториналар ұйымдастырылды.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,

философия және саясаттану факультетінің 1-курс PhD докторанты



Продолжение. Начало на 1 стр.

EXPO  
2017  
ASTANA  
FUTURE ENERGY

Canon

Конкуренцию нашим студентам составили будущие журналисты КИМЕР (2 место) и Назарбаев Университета (3 место). Фильмы всех команд соответствовали требованиям конкурса, но работа наших студентов была отмечена особо.

Короткометражный фильм «Стань светом» был создан командой 4 курса русского отделения: Никитой Данилиным, Тогжан Кайрат, Айнурой Ильчибаевой и Александром Григорянцем. Руководитель команды – и.о. доцента кафедры печати и электронных СМИ Мусинова Асель Ахметовна.

Авторитетное жюри конкурса, которое составили известный кинорежиссер и писатель Сатыбалды Нарымбетов, популярный видеоблогер Михаил Топтыгин, режиссер



и продюсер Рубен Казарян, управляющий директор новых технологий и глава представительства компании Canon CEE в Казахстане Александр Смирягин, высоко

оценили творческую работу команды. «Фильм получился креативным, очень стильным и поистине авторским, – отметил в поздравлении Александр Смирягин. – Меня

удивило, что ребятам удалось совместить реализацию социальной идеи с технической стороной: отличной операторской работой и качественным наложением звука. Необычная форма подачи темы через нестандартный видеомонтаж».

Участник победившей команды Space Nomads Кайрат Тогжан поделилась своими впечатлениями от конкурса: «Мы с Айнурой были ответственны за организацию съемок: пытались сделать процесс создания фильма более удобным, интересным, искали интересные локации и необычный реквизит, что придало фильму атмосферу загадочности. Конкурс сблизил нас, я открыла для себя новые грани таланта и характера каждого их ребят. А также нашла хороших товарищей, на которых можно положиться в любой сложной ситуации!»

Капитан команды Никита Данилин отметил, что было очень интересно поработать с профессиональными камерами Canon EOS C300 EF и XF305, картами памяти и линзами: «Для меня, как оператора, это было своеобразный вызов. И я благодарен Canon за представленную возможность. По поводу видео – мы хотели снять нечто абстрактное и даже архаусное. Было желание подойти к теме творчески. Основной посыл фильма обращен к людям. Будьте светом. Ведь каждый человек с его творческим началом и есть энергия будущего!»

ПРЕСС-СЛУЖБА

## МОДЕРНИЗАЦИЯ И КНИГА

Становится традицией в первую неделю учебного года собирать учащуюся молодежь для встречи с главным Учителем – книгой.

Преподаватели и студенты факультета журналистики КазНУ им. аль-Фараби приняли активное участие в социально значимом мероприятии – в Алматы прошел Kitarfest-2017! В этот раз праздник книги состоялся под эгидой акимата города, при участии ведущих библиотек и издательств, меценатов, на площади у известного памятника ученому и просветителю Шокану Валиханову, напротив величественного здания Академии наук.

Интерактивное яркое познавательное мероприятие #k fest останется надолго в памяти участников. Посетители приобрели в дар книги, ознакомились с экспозицией серии книг «Өнегелі өмір» родного вуза, погрузились в мир сакрального обмена информацией. Оправдывая будущую профессию, студенты сняли видеосюжеты, сделали фото, селфи и распространяют полезные сведения о book-crossing в социальных сетях. Спасибо организаторам за чудесное действо, – в мире «цифр» печатная книга удерживает позиции популярного хобби.

**Гюльнар МУКАНОВА,**  
к.и.н., доцент кафедры  
редакторско-издательского и  
дизайнерского искусства

## МУЗЕЙ АЯСЫНДАҒЫ ТӘЛІМДІК САБАҒЫ



Қасиетті қара шаңырақ биыл да өзге оқу орындары арасынан дара шығып, сан мыңдаған шәкірттерін құшақ жая қарсы алды. Университет табалдырығын аттаған алғашқы күннен бастап-ақ өскелең жастарға арналған таныстыру әрі тәрбиелік шаралар легі қолға алынды. Осы орайда 80 жылдан асқан тарихы бар ұлттық университеттің бай дәстүрі, бүгінгі тыныс-тіршілігі мен болашақ жоспарларынан терең мағлұмат беретін орынның бірі университет музейі екені даусыз.

Мұнда бірінші курс студенттері кара шаңырағымыздың тарихымен, үздік жобаларымен және жеткен жетістіктерімен танысумен қатар, ұлағатты ұстаздардан алғашқы тәлімдік сабақтарын да алды.

Заң факультетінің студенттеріне арналған музей аясындағы тәлімдік тәрбие сабағын Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ұлағатты ұстаз, белгілі ғалым-заңгер, профессор, академик Сұлтан Сартаев өткізді. Сұрапыл соғыс жылдарынан

кейін студент атанып, білім мен ғылым жолында көптеген қиындықтарды басынан кешірген, өмірдің сан белестерінен сүрінбей өткен ұлағатты ұстаз жастарға адамгершілік, ізгілік, өнер-білім, махаббат жайлы сыр шертіп, өз өмірінің естеліктерімен бөлісті.

500-ден астам ғылыми еңбектердің авторы, оның ішінде «Қазақ совет мемлекетінің қалыптасуы», «Қазақстан халқына заңгерлер қалыптастыру», «Қазақстан Республикасы Конституциясы», «Слово перед совестью и

эшафотом» т.б көптеген ауқымды кітаптар мен монографиялық еңбектері бар, өмірі көпке үлгі болған Сұлтан Сартаевтың 90 жылдық мерейтойы қарсаңында жастарға арнап өсиетті, өнегелі сөз айтуы барлығымызға үлкен әсер сыйлады.

Ұлағатты ұстаз шәкірті, заң ғылымдарының докторы, доцент Алуа Ибраева да заң факультетінің тарихы мен жетістіктеріне шолу жасап, музейдегі естеліктер арқылы жастарға мол мәлімет берді.

Жаңалыққа жаны құмартып келген жастарды тарихтың тереңіне бойлатып, осындай саликалы кездесулер өткізудің маңызы зор екендігі анық. Өткенді жадына түйіп, өнеге алар жастарымыз көп болғай!

**Ардақ ЖАБЫҚПАЕВА,**  
музейдің бас маманы



# Біздің жобаларымыз ЕЛБАСЫ МАҚАЛАСЫМЕН ҮНДЕС

**Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының қазіргі қоғам үшін идеологиялық, теориялық және практикалық маңызы зор. Мақалада қойылған міндеттерді жүзеге асыру арқылы көптеген күрмеуі қиын мәселелерді шешуге жол ашамыз. Бұл туынды мықты мемлекет, дамыған экономика және жалпыға бірдей еңбек мүмкіндіктерінің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына кіруіне қол жеткізуді алға қойған «Қазақстан-2050» Стратегиясымен тікелей байланысты.**

қойылып отыр, олар жастарға білім беріп қана қоймай, мәңгілік құндылықтарды сақтауға, ақиқат пен білімнің адам қажеттіліктеріне қызмет етуіне қол жеткізуге тәрбиелейді». Яғни, қазіргі заманғы университет түлегі өз ісінің шебер маманы ғана емес, адамзат пен өз ұлтының ең үздік адамгершілік қасиеттерін бойына жинаған тұлға болуы тиіс.

Осы жауапкершілікті тереңінен сезінген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы 2013 жылы қабылданған «Al-Farabi University smart city» ғылыми-инновациялық жобасы аясында ауқымды шаралар атқаруда. Жоба Әл-Фарабидің ізгілік қаласы іліміне негізделген. Батыс мәдениеті жаулаған қиын заманда ұлттық коддымызды өзіміздің тілімізді, мәдениетімізді, салт-дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды өркендету арқылы сақтап қала аламыз. Бірақ Елбасының бағдарламалық мақаласында атап көрсетілгендей, олардың ең үздігін тандап алу арқылы ғана әлемдік өркениетке үйлесімді қосыла аламыз, бәсекеге қабілетті боламыз. Философияда мұны «терістеуді терістеу» диалектикалық заңы деп атайды. Яғни, бұрынғыны теріске шығара отырып, оның жақсы жақтарын болашаққа апаратын жолда бірге ала жүру қажет, сонда ғана ұлттық бірегейлікке жетеміз. Жобаның адамзаттың көрнекті ойшылы, үздіктердің үздігі Әбу Нәсір әл-Фарабидің ізгілік қаласы іліміне негізделуі дұрыс жасалған тандау деп айта аламыз. Жобаның басты мақсаты – дамудың технологиялық және рухани-адамгершілік платформасын үйлестіру. Бұл жоба Елбасының рухани жаңғыру бағдарламасымен үндес. Университеттегі «Айналанды нұрландыр!», «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап», «Саламатты дене мәдениеті», «Green Campus» жобалары да сапалы біліммен қатар саналы тәрбие беруге бағытталып, жастардың рухани деңгейін қалыптастыруға зор ықпал етіп отырғанын уақыттың өзі дәлелдеуде.

Университетіміздің білім мен тәрбиені ұштастыру қызметін Біріккен ұлттар ұйымы жоғары бағалады. ҚазҰУ БҰҰ-ның жаһандық «UNAI» хабы және ЮНЕСКО-ның тұрақты даму бойынша Ортаазиялық аймақтық хабын басқару құрметіне ие болды. Осы игілікті іс жалғасын тауып, биыл БҰҰ Өркениеттер альянсінің Жоғары өкілі Насир Абдулазиз әл-Насер ҚазҰУ-ға арнайы сапармен келді. Кездесу барысында Өркениеттер альянсі мен ҚазҰУ арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

2005 жылы құрылып, өзінің қызметін негізгі төрт бағытта: білім беру, жастар саясаты, бұқаралық ақпарат құралдары, миграция мәселелері бойынша жүргізетін бұл Альянстің білім беру ісіне ерекше назар аударатындығын Насир Абдулазиз әл-Насер үстіміздегі жылдың мамыр айында Қазақ ұлттық университетінде сөйлеген сөзінде баяндады. «Өз заманының көптеген қайшылықты сұрақтарының шешімін тапқан Әл-Фарабидің философиясын адамның ақылы мен жүрегінің байытатын білім беру саласында» жастардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда қолданып отырған ҚазҰУ-дың қызметін ерекше атап көрсетті. Университет тәжірибесінің негізінде ректор, академик Ф.М.Мұтановтың басшылығымен тағы бір жаңа жоба – «Ізгілікті қоғам азаматтарын



қалыптастыру» жобасы дайындалып, Альянс аясында әлем университеттеріне үлгі ретінде ұсынылмақ.

Жобаның идеалы – әл-Фарабидің ізгілік қаласы ілімі. Бұл қаланың немесе, қазіргі заман тұрғысынан айтсақ, қоғамның негізгі мақсаты – өз тұрғындарын бақытты өмірге жеткізу. Әл-Фараби атап көрсеткендей, ізгілік қаласын құрылымдық бөліктері өзара байланысты, кез келген тірі мақұлықтың толыққанды өмірін және бейбіт тіршілігін сақтау үшін бір-біріне көмектесетін, жетілген денемен салыстыруға болады. Адам денесінің басты мүшесі жүрек болса, қала тұрғындарының бақытты өмірге жетуіне жол сілтеп отыратын – бақыт туралы жан-жақты білімге, он екі асыл қасиетке ие Басшы. Қазіргі заманғы қаланың осындай басшысының рөлін халықтардың тәрбиешісі, тәлімгері және оқытушысы болып отырған университеттер атқаруы тиіс. Олардың интеллектуалдық және этикалық қасиеттерін қоғамда кеңінен тарату жобаның міндеті болып саналады. Бұл ізгі қасиеттердің арасынан жеке адам мен қоғамның физикалық және рухани саулығының үйлесімді дамуы, жоғары технологиялар мен гуманистік құндылықтардың сәйкестігі, жеке тұлғаның қызмет саласы мен ойлау салтындағы өзгерістерге, дамуға ашықтығы, қоғам мен әлемнің белсенді азаматы болуы, коммуникативтік және экологиялық мәдениетін биіктетуі және т.б. айтуға болады.

Оларды қалыптастыру үшін білім

берудің жана философиясы қажет. Альянстің бағдарламалық құжаттарында атап көрсетілгендей, адамзат білім беру, жастар, бұқаралық ақпарат құралдары және миграциялық саясат салаларына кешенді әсер ету арқылы мәдениеттер арасындағы қайшылықтарды жойып, жаһандық мультимәдениетті қалыптастыруға жете алады.


Қазіргі заманғы университеттердің рухани платформасы адам құқығын сақтау, гендерлік теңдік, жаһандық азаматтық, діни сенім бостандығы, конфессияаралық сұхбат, сөз еркіндігі және ақпараттың ашықтығы, әлеуметтік жауапкершілік, толеранттылық, медиа және ақпараттық сауаттылық, биоэтика сияқты құндылықтарға сүйенеді. Аталған құндылықтарды өзінің қызметінде басты ұстаным ретінде қабылдап, табысты жүзеге асырып отырған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұлы бабамыздың іліміне негізделген жобаны БҰҰ Өркениеттер альянсімен ынтымақтастық арқылы әлемге таратып, оның есімі мен ілімінің бұрынғыдан да кеңінен танымал болуына және соңғы кезде көп айтылып жүрген ұлттық брендке айналуына, сол арқылы Елбасы айтқан еліміздің болашағы жарқын, білімді де білікті отаншыл азаматтарын тәрбиелеуге өзіндік қомақты үлесін қоса берері сөзсіз.

**Гүлжиһан НҰРЫШЕВА,**  
философия ғылымдарының докторы,  
профессор, философия  
кафедрасының меңгерушісі



**Мой научный руководитель, профессор Бениамин Яковлевич Двоскин говорил «Большого ученого можно узнать сразу после первых фраз, которые он произнесет перед началом лекции или доклада». Такое происходит потому, что глубина ума, профессионализм и мудрость позволяют предельно сжато сконцентрировать мысль, обладающую материальной силой преобразования и созидания. Если читатель согласен со мной, то хочу сказать, что эти слова полностью относятся к одному из выдающихся ученых Казахстана, удивительному человеку, доктору географических наук, профессору Евгению Николаевичу Вилесову.**

## ПРОФЕССОРУ ЕВГЕНИЮ НИКОЛАЕВИЧУ ВИЛЕСОВУ – 85 ЛЕТ



Этот человек – легенда казахстанской гляциологии науки о ледниках, исследователь с мировым именем и самый любимый педагог для многих поколений студентов кафедры географии, землеустройства и кадастра, факультета географии и природопользования КазНУ имени аль-Фараби. Он один из старейших и ведущих гляциологов Республики Казахстан и стран СНГ, признанный всем мировым сообществом гляциологов. Нас, его коллег, поражает его аналитический ум, оптимизм, нравственная чистота, потрясающий интеллект, спортивная выправка и огромная любовь к географической науке, которая стала смыслом его жизни. Гляциология для Казахстана – это настоящее и будущее его южных и юго-восточных регионов. Степень изученности гляциальных процессов, ее теоретическую и прикладную базу с позиций человеческой морали следует рассматривать как показатель осознанности серьезных угроз и вызовов, экологических потрясений научным сообществом, зрелость которого определяется созданием научного инструментария, способного защитить от природных катастроф обширные территории Казахстана, на которых свободно могли бы разместиться добрая половина стран Европы. Казахские ученые-гляциологи, среди которых неопределимая роль принадлежит Евгению Николаевичу, не только создали такой механизм природопользования, но и доказали, что гляциологические исследования для Казахстана – это вопрос жизни и смерти для отдельных видов ландшафтов, биоразнообразия ряда физико-географических, особенно горных и предгорных районов, запасов питьевой воды, которые во многом определяют условия и качество жизни последующих поколений казахстанцев.

Основой научного подвига Евгения Николаевича являются результаты беспрецедентного труда, который продолжается более 60-ти лет и включает титанические усилия по совершенствованию теории, методологии и практики гляциологической науки, сотни экспедиций, камеральные обработки и эксперименты. Одних только измерений в процессе исследования снежного покрова, температурного режима ледниковых толщ на разных глубинах было произведено более 85 тысяч. Это число вдвое превысило число аналогичных измерений на всех других ледниках горных и полярных районов СССР. В 1962 г. впервые в мировой гляциологической практике им осуществлено бурение и термозондирование льда до глубины 10 метров на самых высоких вершинах Заилийского Алатау, включая пик Талгар (4978 м). Трудно предположить, что подобные измерения кто-то и когда-нибудь сможет повторить. Три тома данных о температуре в толще льда вошли в анналы международного геофизического года (МГГ).

Вместе с тем Е. Н. Вилесов участвует в экспедициях (а всего он провел 3 зимовки и 45 полевых сезонов) не только в Заилийском, но и в Джунгарском Алатау, Угамском хребте (Западный Тянь-Шань), в Кунгей-Алатау, на Алтае (Берельские ледники), на Памире (пульсирующий ледник Медвежий), на Кавказе (ледник Марух). Но, конечно, наибольшее внимание всегда уделялось леднику Туюксу, на котором он бывает ежегодно вот уже в течение 50 лет, последний раз – в августе 2014 г., а ведь от этого ледника зависит будущее всей алматинской агломерации и значительной

части одноименной области. Составленная им библиография по леднику Туюксу содержит более 700 названий.

Работа в экстремальных условиях и, порой, с непредсказуемыми последствиями ярко и полно раскрывает истинный характер Евгения Николаевича как человека. Скромность и порядочность, коммуникабельность и оптимистический настрой Евгения Николаевича, его спокойствие и уверенность всегда вносили во взаимоотношения с коллегами по экспедиции здоровый дух сотворчества и взаимопонимания, чувства товарищества, поддержки и терпимости к проявлениям неуравновешенности, нередко возникающей у неподготовленных к преодолению трудностей людей. Будучи начальником отрядов и экспедиций, он выполнял любую работу, считая свои демократические установки обычной нормой. Все это сформировало в нем педагога, впитавшего лучшие традиции советской и мировой педагогики и психологии, ориентированной на воспитание творчески активной личности, способной самостоятельно мыслить, думать и решать сложнейшие задачи, за что он удостоен самой высокой награды – безграничной любви и уважения со стороны студенчества и научного сообщества. Этому предшествовало то, что с 1981 г. начинается новый этап жизни Евгения Николаевича – его педагогическая деятельность на кафедре физической географии КазНУ им. аль-Фараби. 35 лет он читает основные и специальные курсы и лекции студентам. Под его руководством подготовлены сотни курсовых работ, более 100 дипломных работ и магистерских диссертаций, а также две кандидатские диссертации.

В 90-е годы, несмотря на большую занятость в учебном процессе, Е.Н. Вилесов ни на миг не забывал о родной гляциологии. В эти годы его интересы сосредоточились на оценке запасов льда Тянь-Шаня (включая его китайскую часть), пространственно-временной изменчивости крупных ледниковых систем за прошедшее столетие, локальном и региональном мониторинге и динамике баланса массы и ледникового стока, выявлении реакции горного оледенения на изменения климата, прогнозировании состояния и размеров ледников в близком и отдаленном будущем).

В эти же годы вышел вузовский учебник «Физическая география Республики Казахстан» (1998, в коллективе авторов), учебное пособие «Современные проблемы гляциологии» (1999) и научно-биографический справочник «Географы XX века на казахстанской орбите» (1998, совместно с А.А. Науменко). В 2010 г. опубликована его книга «Климатические условия г. Алматы», в 2013 г. – монография «Оледенение Джунгарского Алатау: прошлое, настоящее, будущее», а в 2015 г. – учебное пособие «Основы ледниковедения».

Как истинный географ Е.Н. Вилесов любитель путешествовать. За последние годы он объездил всю Юго-Восточную Азию, посетил Таиланд, Камбоджу, Вьетнам, Гонконг, Сингапур, Филиппины, Малайзию, Индонезию, Индию, Шри-Ланку (Цейлон), Непал. В Непале он воочию увидел Эверест (Джомолунгму) – высочайшую вершину Земли (8848 м). А в 2013 г. в свои 80 лет он совершил восхождение на самый высокий действующий вулкан Европы – Этну на острове Сицилия (3340 м).

Он неоднократно награждался дипломами и почетными грамотами Министерства высшего и среднего специального образования СССР и ЦК ВЛКСМ, Министерства высшего и среднего специального образования Казахской ССР и ЦК ЛКСМ, Президиума Алма-Атинского обкома профсоюза работников просвещения, высшей школы и научных учреждений, Президиума АН КазССР, свидетельствами Главного комитета ВДНХ СССР и ВДНХ КазССР и др. Награжден также нагрудным знаком «Гляциология СССР», медалью «Ветеран труда», юбилейными медалями к 65-летию и 70-летию Победы в Великой Отечественной войне, юбилейной медалью к 80-летию КазНУ и нагрудным знаком «Почетный работник образования Республики Казахстан» и др. По итогам учебно-методической и исследовательской работы в 2016 г. Е.Н. Вилесов удостоен звания «Лучший преподаватель вуза».

И ныне профессор Е.Н. Вилесов находится в расцвете творческих сил, полон новых идей и замыслов, завершает работу над учебником по физической географии Казахстана на английском языке. В юбилейный год мы, его коллеги, желаем профессору Вилесову Евгению Николаевичу здоровья, счастья, благополучия и выдающихся успехов в его научной и педагогической деятельности.

**Шерипжан НАДЫРОВ,**  
доктор географических наук,  
профессор кафедры географии,  
землеустройства и кадастра





**Қалауша Әділханұлы Бегалиев – көпке аты белгілі ірі тұлға, ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері. Мәртебелі азаматтың өмірі, еңбек жолы, ғылымдағы жетістіктері жастарға үлгі боларлық.**

# ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

басшылары қатысқан еді. Қазақстан делегациясын бастап келген Қалауша Әділханұлы Бегалиев екен, сол кезде ол Қазақстан Республикасы прокуратураның орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты еді. Сөз кезегі Қазақстанға келгенде мінбеге Қалауша Әділханұлы көтерілді. Құқық проблемалары туралы, республикадағы заң ғылымының дамуы, теория мен іс-тәжірибенің өзекті мәселелері туралы терең мағыналы, ғылыми негізделген баяндама жасай келе, бір кезде Қалекен қазақтың әдет-ғұрып заңдары туралы, оның қылмыспен қарсы күрестегі маңызы, жасөспірімдерді тәрбиелеудегі ұлы Абайдың өсиет сөздерін нақышына келтіріп айтқанда, залда отырған жұрт ұзақ ду қол шапалақтап қошемет көрсетті. Залда отырған біздер, қазақстандық аспиранттар төбеміз көкке жеткендей қуанып қалдық, үзілісте Қалауша ағаға сәлем беріп, республикамыздың мәртебесін биікке көтергені үшін өз ризашылығымызды білдірдік.

Одан кейін Қалауша Әділханұлымен 1981 жылдан бастап араласа бастадым. Осы уақыттарда Қалекен докторлық диссертация қорғап, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының құқықтану кафедрасының меңгерушісі болып, ғылыми-педагогикалық жұмысқа тікелей араласып кетті. Заң ғылымын дамыту, педагогика мен заң ғылымының өзара байланысы, құқықтық мемлекет құрудағы жастарға құқықтық білім беру, құқықтық сана мен құқықтық тәрбиенің қажеттілігі туралы материалдары үнемі баспасөз беттерінде көрініп жүрді. 1978 жылы Қалекенмен бірге Ташкентте өткен Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференцияға қатыстым. Осы конференцияда КСРО мемлекетінде заңгер педагогтарды дайындау мәселесі терең

талқыланды. Қалекен әдеттегідей өзінің терең ойлы баяндамасымен жұртты қызықтыратын деректерге, мысал, мақал-мәтелдерге сүйене отырып, ғылыми тұжырымдарды негіздеп берді. Кейінгі жылдары, яғни 1990 жылдан бастап Қалауша Әділханұлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетіне кафедра меңгерушісі қызметіне конкурстық негізде ауысты. Сол уақыттан бастап Қалекенмен университетте бірге істедік.

Қалекен қылмыстық іс жүргізу кафедрасын ұзақ уақыт басқарды, сонымен бірге заң ғылымдарының докторлығын қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің басшысы болды. Қалекеннің көмегімен көптеген жастар ғылым кандидаты, ғылым докторлығы диссертацияларын қорғады.

Бегалиев ғылыми жетекшісі болып докторлық диссертация қорғаған Ә.Е. Бектұрғанов кезінде Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры, бүгіндері ҚР Парламенті сенатының депутаты, Қ.Ә. Мәми – ҚР Жоғарғы сотының төрағасы. Ғылым кандидаттары – Ж. Утепов, Б. Төлеубеков, А. Нұралиева – жоғарғы заң оқу орындарының үлгілі ұстаздары.

Қалауша Әділханұлы өте қарапайым еді. Үлкен болсын, кіші болсын, алдымен еркін, тең түрде сөйлесіп, мұң-мұқажы болса, қол ұшын беруші еді. Ұзақ уақыт прокуратура органдарында басшылық қызметте істеген, практикалық тәжірибесі мол болуы – Қалекеннің студенттер арасында беделін биіке көтерді. Ол дәріс оқығанда да, семинар сабағын жүргізгенде де, мемлекеттік емтихан қабылдау кезінде де өзінің қызмет барысындағы тәжірибесінен қызықты мысалдар айтып беретін. Қалекен дәріс оқытын дәрісхана әр уақытта студенттерге лық толы болушы еді.

Қалекен өз құрбыларымен әзіл-қалжың айтуға да шебер еді. Өзінің серіктесі, құрдасы академик Сұлтан Сартаевпен қалжының көріп, біз шын достар осылай болар дейтінбіз. Қалауша Әділханұлы өмірінің соңғы уақытына дейін студенттерге дәріс берді. Көптеген ғылыми деректер жазды. Қалекеннің көптеген ғылыми-теориялық еңбектері өзінің өзектілігімен, ғылыми құндылығымен өте жоғары баға алған. Бұл еңбектер қазір ғылым саласында өте ірі жетістік ретінде бағалануда. Оның ғылыми еңбектері негізінен жасөспірімдер тәрбиесіне арналды. Оларды қоғамға жат қылықтардан қорғап, теріс іс-әрекеттерге барғызбау мәселелерімен терең айналысты. Бегалиевтің кандидаттық, докторлық диссертациялары да осы тақырыпты қамтыған.

Қалекен ел тәуелсіздігін алғанда қатты қуанды. «Дархан даласы, кең пейіл халқы бар бізге тәуелсіздік – Алланың берген сыйы, халықтың тілегі, ендігі мақсат ел бірлігін нығайту, тәртіпті күшейтіп, әділеттілікті берік ұстап, Елбасын құрметтеп, елдігімізді, салт-санамыз бен дәстүрімізді құрметтеу», – деп үнемі айтушы еді. Қалекен тірі болғанда биыл 90-ға келер еді. Амал нешік, ертерек кетті дүниеден. Мәңгілік өмір ешкімге жазылмаған ғой. Қалауша Әділханұлының жазған ғылыми еңбектері – оның мәңгілікке қалдырған өсиеті. «Жақсының аты, ғалымның хаты» өлмейді деген осы. Қалауша Әділханұлы – Қазақстан заңгерлерінің ұстазы, заң ғылымдары саласының ірі ғалымы, еліміздің қоғам қайраткері, ұлы азаматы. Қалекендей болу әрбір заңгердің арманы еді. Өйткені ол ұлағатты ұстаз, нағыз азамат еді.

**А. АҒЫБАЕВ,**  
заң ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстан Республикасының еңбек  
сіңірген қайраткері



Қалауша ағаны өз басым сонау 1972 жылы Мәскеуде КСРО Ғылым академиясының мемлекет және құқық институтында аспирант болып жүрген уақыттан білемін. Өйткені сол жолы желтоқсан айында КСРО Жоғарғы сотының мәжіліс залында мемлекет және құқық саласының даулы мәселелері бойынша Бүкілодақтық ғылыми-тәжірибелік конференция болды. Осы конференцияға барлық одақтас республикалардан ғалымдар, сот, прокуратура, ішкі істер министрлігінің

## Талантқа тағзым

**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық жоғары мектептер ғылым академиясының Құрметті академигі, Еларалық қоғамдық Айтматов академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар одағының Сәкен Сейфуллин атындағы сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор, жазушы-ғалым Т. Кәкішұлы көзі тірі болғанда биылғы жылдың 15 тамызы тоқсан жасқа толар еді.**

Осынау айтулы күнге орай Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында Тұрсынбек Кәкішұлы атындағы кабинетте «Ғалым. Ұстаз. Қайраткер» атты дөңгелек үстел өтті. Шараға филология ғылымдарының докторы, профессорлар – Шәкір Ибраев, Дихан Камзабекұлы, Жандос Смағұлов, Сағымбай Жұмағұлов, Шерубай Құрманбайұлы, Кәкен Амантай, қоғам қайраткері, казак телевизиясының ардагері Сұлтан Оразалин, Дүниежүзілік стоматология ассоциациясының мүшесі Темірбаев Максұт, ақын Несіпбек Айтұлы, Серік Тұрғынбеков, Қайырбай Төреғожа, Сабыр Қасымов және басқа да әдебиеттанушы ғалымдар қатысты. Жұбайы, филология ғылымдарының докторы Күләш Ахмет және туған інісі Кәкішұлы Жакия, балалары мен немерелері де осы шараның құрметті қонағы болды.

Қатысушылар тарапынан Тұрсынбек Кәкішұлының әдеби, мәдени мұрасы және казак әдебиетінің тарихы мен әдеби сыны жайлы еңбектерін жазудағы табандылығы, ақиқат үшін көппен алысып, казак әдебиеттану ғылымы үшін сіңірген еңбектері жайлы тағылымды естеліктер айтылды.

Бар саналы ғұмырын ғылымға арнап, ұлтымыздың жоғын түгендеу ісінде қайрат танытып, еңбек сіңірген тұлғаның мерейтойы – казак әдебиеттану ғылымының да мерекесі десек, артық болғандық болмас. Оның тікелей бастамасымен 1990 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетінде «Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны» кафедрасы оңаша отау құрған еді. Оны алғашқы күннен бастап өзі басқарды. Азғана жыл ішінде сол кафедра жанынан «Қазақ фольклоры және әдебиет тарихы» ғылыми лабораториясы құрылып, оның құрамды бір бөлігі «Қазақ диаспорасының рухани әлемі» тобы шет елдегі қазақтардың фольклорлық, этнографиялық, музыкалық, материалдық байлықтарын зерттей бастады. Монғолия мен Ирандағы казак диаспораларына барған экспедицияларды өзі басқарып, «Монғолия казактары» деген жинақты Дүниежүзілік казак қауымдастығына басып шығаруға ұсынды.

Тұрсынбек Кәкішұлының казак әдебиеті сыны саласындағы ғылыми еңбектері қазір мемлекетіміздің жоғары оқу орындарының негізгі оқу құралдарына айналған. Ғалым әдеби сын пәнінің алғашқы бағдарламасын 1982 жылы жасап, 1994 жылы 25 баспа табақ көлемінде оқу құралын шығарған еді. 2003 жылы оқу құралы қайтадан өңделіп, толықтырылып Алматы қаласы «Білім» баспасынан екі кітаптан тұратын оқу құралы жарық көрді. 2013 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынуымен Астана қаласы, «Фолиант» баспасынан оқулық болып басылып шықты.

Сөйтіп, ғалымның артына қалдырған мұрасы жұртшылықтың игілігіне айналуда.

**Алтынай АСҚАРОВА,**  
доцент

## ЫСТАМБҰЛ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ДИСКУРС

**Екі бауырлас мемлекет Түркия мен Қазақстан арасындағы достық қарым-қатынас оқу, білім, ғылым бағытында да берік орнап келеді. Археология, этнология және музеология кафедрасының магистранттары Ыстамбұл университетінің түркі халықтары тарихы бөлімінен ғылыми тағылымдамадан өту бағдарламасы аясында «Қазақ халқының көне қоныстары мен мәдениеті» тақырыбында ғылыми-танымдық дискурс ұйымдастырды. Дискурсқа түркі халықтары тарихы, археология, антропология бөлімдерінің оқытушы-профессорлар құрамы, докторанттар магистранттар қатысты.**



Шараны түркі халықтары тарихы бөлімінің меңгерушісі профессор Муалла Урду Южел ханым ашты. Ол магистранттардың тағылымдамадан өту барысында түркі халықтарына ортақ ежелгі мәдениеттерге қатысты ғылыми дискурс ұйымдастыруын жоғары бағалап, түркі халықтарының көне мәдениетімен салыстырмалы-сараптау жасау ісінде сәттілік тіледі. Магистранттар өз тарапынан дискурсты университеттің стратегиялық басым бағыттарын таныстырумен бастады.

Магистрант Абылай Төлеген «Еретүркілік Қастек қаласы», Архад «Ортағасырлық Үгіртөбе» қаласы, Айнұр Еремекбаева «Қазак халқының сандық соғу өнері мен қолданыс аясы», Рүстем Қайрат «Ықылас атындағы Республикалық музыка музейі», Жансая Қожухан «Қазактың ұлттық музыка аспаптары» тақырыптарында баяндама жасады. Ыстамбұл

университетінің ерте орта ғасырлық түркі мәдениетімен айналысатын профессор-оқытушылар қауымы казак жеріндегі көне қоныстардан табылған қыш ыдыстар мен тас бұйымдардағы өрнектер, жан-жануарлар мүсіншелері, оларға қатысты болжамдарды мұқият тыңдап, өз ойлары мен тұжырымдарын ортаға салды. Бұйымдар бетіндегі зооморфтық, геометриялық өрнектер мен антроморфты, зоо-бейнелі бұйымдар исламға дейінгі дәстүрлермен тығыз байланысты екендігі айтылды. Қазак музыка өнері мен түркі халықтарының музыка өнерінің ортақ белгілі талқыланды.

Ыстамбұл университетінің жас мамандары мен ізденушілерін өз зерттеу тақырыптарына орай салыстырмалы, сараптау материалдарына байланысты сұрақтар қызықтырды.

**Тәттігүл ҚАРТАЕВА,**  
профессор м.а.





**Ершат ТІЛЕУХАН**

1995 жылы 11 ақпанда дүниеге келген. 2013 жылы Алматы облысы, Сарқан ауданы Алмалы ауылы Новопокровка орта мектебін бітірген.

Жетінші сыныптан бастап өлең шығарып, көптеген республикалық поэзия кештеріне қатыса бастаған. Ершат: «Бос уақытымда кітап оқып, спортпен шұғылданғанды жақсы көремін. Болашақта шығармашылығымды дамытып, өлеңдерімді жинақ қып шығарсам», — дейді.


Бүгінгі таңда ол ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 4-курс студенті

ОЙ-ТОЛҒАУ

Ең әділ төреші — уақыт. Күндер жылжып, заман талабы өзгерсе де, тарих толқынында кімнің есімі алтын әріппен қаларын уақыт көрсетеді. Оны заман көші күн сайын айқындап сараламақ. Біз сөз еткелі отырған тұлға — осы атқа лайық ағартушы-ғалым Шоқан Уәлиханов. Ол — аз ғұмырында мәңгі өшпестей із қалдырған, қайсар ерлердің бірі.

Адамнан шындық іздеймін,  
Бабамнан қалған мұра еді.  
Өткеннен үміт үзбеймін,  
Мызғымас елдің діңгегі.

«Шоқан Уәлиханов»  
фильмінен кейінгі ой



ӨМІРДЕН ШЫНДЫҚ ІЗДЕЙМІН

ЖЫЛАЙСЫҢ НЕГЕ?

Жылайсың неге, сұлу қыз,  
Жылатқан сізді өмір ме?!  
Адамдар мына қоңыр күз,  
Жылуы жоқ көңілде.

Аяғың басқан тым ауыр,  
Арқаңа батып қанжар мұз  
Артыңда үнсіз мен келем,  
Айта алмай сізге жылы сөз.

Тағдырға шыдап көнсеңіз,  
Шайқалмас жүрек кемесі.  
Көз жасқа ерік берсеңіз,  
Алыстар бақыт белесі.

Уақыт өтіп барады,  
Жылауды доғар, сұлу қыз,  
Жас болып құлап барады,  
Бақытқа бара кемеңіз.

Не берсе тағдыр басыңа,  
Сабырмен ғана жеңесіз.  
Адалдар азап шегетін,  
Өмірді жұмсақ деменіз.  
(Өмірде жалған, шындық бар).

Мен — тау ұлымын,  
Арқамды шыңға тірегем.  
Мен — қыр гүлімін,  
Көктемде қайта түлеген.

Мен — жаздың жаңбыры,  
Үзіліп жерге таматын.  
Мен шыққан арай таң нұры,  
Әлемге төгер шапағын.

Мен — бабалар сарыны,  
Үзілген қылын жалғаған.  
Оған куә балбал тас,  
Даналар жатқан кең далам.

Жүрегім күнде жылайды,  
Жұбату үшін жыр жазам.  
Санамда ойлар тулайды,  
Жата алмай кейде қиналам.

Талықсып кейде жатамын,  
Жетелеп сезім қолымнан.  
Түсінбей жатса достарым,  
Оңаша оймен жыр жазам.

«Шоқан Уәлиханов» тарихи киносы жан дүниемді тағы бір мәрте нәрлендіріп, терең ой салды. Шоканның батылдығы, өршіл рухы жүректі шымырлатып, терең бойлады. Бұл фильмде Шоканның елге деген шексіз махаббаты, сағыныш-аңсары батырдың өршіл рухы арқылы беріліп отырады. Мұнда Г.И. Потанин сияқты интеллигенция өкілінің образы да лайықты берілген. Тарихтағы орыс халқына қатысты шындықтар да көзғалады. Г.И.Потанин бір еңбегінде Шоқан жайлы былай деген: «Бізден жасы кіші болса да, өзімізбен салыстырғанда, ол үлкен сықылды еді де, біздер оған қарағанда бала тәрізді едік, өзінің бізден артық білетіндігін не біздерден білімі жағынан жоғарылығын білдіруге тырыспаса да, жай әңгіменің өзінде-ақ, оның білімінің бізден артықтығы танылып қалатын. Жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, ол еріксіз «Еуропаға ашқан терезе» сықылды болды», — деп жазады Г.И.Потанин.

Өзінің ажалын қызыл көз күшіктен қанды ауыз көкжалға айналатынын сезген Шоқан сол дәуірдің ащы шындығын ашып айтып, сұм жылдардың ақиқатын аңдатты. Сондағы арысымыздың сөзі: «Сәкеннің сұлу мұртын жұлған, Бейімбеттің артынан тепкен өз қазағымыз екен ғой. Оларды атуға, дарға асуға бұйрық берген шығар, бірақ, мұртын жұл, артынан теп деп ешкім бұйырған жоқ еді ғой! «Оян қазақ!» деп зарлап өткен өз тектілерінің мұртын жұлып, артынан тебетіндей мәңгүрт халге қалай түстіндер, қалай құлдырадыңдар, дала толған кешегі асылдар мен батырлардың ұрпақтары-ау! Неге оянбайсыңдар?! Ғасырға созылған бұл не деген ұйқы?!» — деп трагедия шарықтау шыңына шығып, бабалар жолын бүгінгі ұрпақтарға айтып тұрғандай. Ардақты азаматтың өршіл отты сөздері лаулап, жан айкайы шыққанда, еріксіз тебіреніп, ауыр күрсініп, бір теңселгендей күйге тап боласын. Жалынды жас Шоканның халқы үшін күйінген сәтін кинодан көргенде еріксіз көзіме жас алдым.

Тарихи фильмдер — шындық жемісі, жан дүниенің қазынасы. Өзінің өмірін бір өмір болса, азық алар, тарих тағылымы пенде үшін бір өмір, бойына күш берер рухани жан сапарын. Сондықтан да алысқа қарап, тереннен ойланатын жастарға тәрбиелік мәні зор. Тарихқа көз тастасақ, қазақ халқының

болашағына балта шауып, өзінің солақай саясатын жүргізуді көздеген қаскөйлер де аз болмағанын аңғарасын. Қазақтың аспанында күн болып шуақ шашу үшін, мыңдаған әскер, төбеңнен кара түнек төндіретін жойғыш қару емес, елім, жерім дейтін жұдырықтай жүректің өзі жетеді. Ол үшін батыл халықтың Шокандай адал перзенті болсаң жетіп жатыр екен-ау деген ой сананда қараңғыда жанған бір сәуле сияқты қылау береді. Сол бір сәуле жерді тесіп шыққан бұлақ сияқты болуы мүмкін ғой, ешкім елеп ескермегенімен, күндердің күнінде әр таудың бүйірінен пайда болған болар-болмас бұлақтар біріксе, дауысына құлақ тұнатын, тасқынына ешкім шыдас бермес ағыны қатты асау өзен пайда болмай ма?! Саналы ұрпақтар көбеюі үшін білімді жастар көп болуы керек. Ол үшін бабалар жүріп өткен сара жолды, даналар қалдырған ғылыми еңбектерден оқып зерделеуің керек емес пе? Тым болмаса Шокандай кеменгердің бет-бейнесін танытар көркем фильмнің иірімдеріне терең бойлай алуың керек деген сөз.


«Алты ай аш болсаң да бабаның салтын ұмытпа» деген бұрынғылар. Ендеше ұлттық менталитетімізді ашып көрсетер, болмысымыздың тереңіне бойлау тәуелсіз елдің адал перзенттерінің азаматтық борышы екенін жастар естен шығармауы керек. Фильмнің соңында Шоқан достарымен, елімен қоштасып кетіп бара жатқан көрністі көруге болады. Мұнда Шоқан елінің қараңғылықта қалып бара жатқанына шыдай алмай, жанынан бір елі қалмай еріп жүрген өзінің серігін шақырып, далаға шығады. Кең далаға бір сәт ұзақ көз тастап, атын алдырып, бой жазу үшін атына камшы басып шауып бара жатады. Мұнда тәніне батқан ауру емес, жанына батқан елінің болашағы толғандырған еді. Сол бір көріністен халқыма пана бола алмадым-ау деген жан айғайын сезінесің де, аспаннан бір жарық жұлдыз құлап бара жатқандай күйге тап боласың. Режиссер Шоканның ауырып жатқанын, өмірден өткен кезін көрсетпей, осылай бітіруді жөн санапты. Неге? Мүмкін Шоқан бастаған істің кейінгі ұрпаққа аманат екендігін осылай білдірмек. Болмаса Шоқан бейнесі халқының жадында мәңгі жас та жалынды күйінде сақталғанын қаласа керек. Шоқан есімі халқымен бірге мәңгі жасай бермек.





# Волонтеры из КазНУ на ЭКСПО-2017

**2017-ый год, несомненно, войдет в историю как знаковый год для Казахстана и останется ярким фрагментом в жизни волонтеров, принимавших участие в работе ЭКСПО-2017.**



В преддверии проведения ЭКСПО-2017 тысячи студентов и молодых людей подали заявки для участия в международном мероприятии в качестве волонтеров. Помимо казахстанцев, помогать гостям столицы вызвались волонтеры из Канады, Узбекистана, Испании, Франции, США, и в том числе из Афганистана. Каждый месяц в Астану приезжали 50 добровольцев из 40 стран мира. Среди них были не только студенты отечественных вузов, но и иностранные граждане.

Одними из таких счастливиц стали граждане Исламской Республики Афганистан Мусадих Абдул Басит и Нимати Сифатулла, выпускники кафедры довузовской подготовки факультета довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби. На подготовительном факультете, изучая русский язык, Басит принимал участие во многих мероприятиях кафедры и факультета, и часто занимал призовые места на студенческих конкурсах и конференциях. И молодым людям представилась своевременная возможность использовать полученные знания нескольких языков: казахского, русского, английского,

таджикского, узбекского и персидского. Во время работы в Астане они приобрели большой опыт и много друзей из разных стран мира. По мнению молодых людей, вся их деятельность была направлена на поднятие положительного имиджа Казахстана и развитие взаимопонимания между людьми. И им это удалось. Басит из интереса успел также поработать в Цирке Дю Солей и получил массу положительных эмоций и незабываемых ярких впечатлений на ЭКСПО-2017!

**Г. КАКИШЕВА,**  
*кафедра довузовской подготовки*

## КЕРЕК КЕҢЕС

### Көз гигиенасы

**Көру мүшесі – біздің көзіміз. Сондықтан көз адамның ең маңызды дене мүшесі саналады. Көз адамның маңдайдағы жұлдызы болғандықтан, оны қорғай білу керек. Сондықтан төмендегі талаптарды біле жүргенің жөн.**

1. Көзді бөгде заттардың түсуінен қорғай білу керек.
2. Жұмыс орнындағы жарықты реттеп отыру; ол тым шаңқылған жарық немесе тым көмескі, әлсіз болмауы керек.
3. Үстелге қоятын шамның жарығын сол жақтан түсіру.
4. Кітапты оқығанда, іс тіккенде көзден 30-35 см қашықтықта ұстау.
5. Теледидарды ұзақ қарамау, 2,5 - 3 м қашықтықтан көру.
6. Витаминді (әсіресе «А») тамақ ішу.
7. Ой еңбегі мен дене еңбегін алмастырып отыру.
8. Темекі тартпау, ішімдік ішпеу.
9. Кітапты көлікте, жатып оқымау.
10. Серуендегенде, орман-тоғай аралағанда көзді бұтақ тиюден сақтау.
11. Көзге бөгде заттардың тиюі өте зиян, мұндайда көзге ақ түседі. Көз зақымданғанда көрсетілетін алғашқы жәрдем егер көзге бөгде зат түссе, дереу қайнатылған жылы сумен көзді сыртынан ішіне қарай жуу; көзге қышқыл, сілті сияқты сұйықтықтар тисе, суды ағызып қойып жуу; көзді еш уақытта қолмен уқалауға, сүртуге болмайды; тек таза, жұмсақ шүберекпен сүртеді.

\*\*\*

### Қалай ұйықтаған пайдалы?

Қытай медицинасында адамның бір қырынан жатып ұйықтағанының пайдасы зор екендігі айтылады. Сол жақ қырынан жату аскорыту үдерісін жақсартуға түссөз, он жақ қырымен жату жүйке жүйесін босаңсытса керек. Кейде «Етбетіңнен жатпа, бетінді жоғары қаратып ұйықтама» дегендерді де жиі естіп жатамыз. Бірақ, бүгінде мамандар бұл пікірмен келіспейді.

Мамандардың айтуы бойынша, шалқасынан жатудың пайдасы айтарлықтай. Мойын мен бел еркін жатып, ал аяқ пен қол демалып қалады. Және де ол жүрек тамырларын, тыныс алу жүйесін, аскорытуды дұрыстайды екен. Ал қан қысымы жоғары адамдарға жастықты биік қойып, шалқасынан жатып ұйықтаудың көмегі тиеді. Сонымен қатар, шалқасынан жату жас көрінуде де үлкен рөлге ие. Олай дегеніміз, шалқадан жатып ұйықтаған адамның беттегі бұлшық еттері босаңсып, терісі жазылады. Ал етбетінен жатсаңыз, бетке тез әжім түсуі мүмкін. Десе де, етбетінен жатқанда омыртқа аралығындағы шеміршек босаңсыды. Бұлай жату тек қарны аш кезде ғана пайдалы. Тойып тамақ жеп болған соң етбетінен ұйықтау гастритке ұшыратады.

Қырынан жатқан адам қорылдамайды екен. Сол жақ қырымен ұйықтау өкпесі ауыратындар үшін пайдалы. Асқазаны ауыратындар да сол жақпен ұйықтағаны дұрыс, себебі, осылайша қызыл өңешке ағып кіретін қышқыл сөлін азайтуға болады. Ал созылмалы соқыр ішек қабыну ауыруы барлар оң қырымен жатуы керек. Және оң жақ қырымен жатқанда ұйықтағанда жүрекке түсетін қысым жеңілдейді.

Одан бөлек, осылай жатқан кезде ағза мүшелерінің бәрі босаңсыды. Ал сіз қалай жатасыз?

anabol.kz

# Берегись ОГНЯ!



если вход в них не изолирован от общих лестничных клеток.

14. При малейшем запахе газа на кухне или в квартире не зажигайте свет, не используйте открытый огонь – немедленно проветрите помещения, закройте газовый кран и вызовите газовую службу или службу спасения.

Основными причинами возникновения пожаров в быту являются:

- неосторожное обращение с огнем;
- использование неисправных самодельных электронагревательных приборов и эксплуатации электрооборудования;
- неисправность печей (дымоходов) и нарушение правил пожарной безопасности при эксплуатации печного отопления.

Помните, что пожар легче предупредить, чем потушить!

**ПРИ ВОЗНИКНОВЕНИИ ПОЖАРА НЕМЕДЛЕННО ЗВОНИТЕ ПО ТЕЛЕФОНУ**

**«101» ЛИБО «112»**

**ЧЕТКО СООБЩИТЕ, ЧТО ГОРИТ, АДРЕС И СВОЮ ФАМИЛИЮ.**

**Н.С. ЕЛЕБЕКОВ,**  
*инженер ОЧС*

*Алмалинского района ДЧС г. Алматы  
старший лейтенант гражданской защиты*

## ПАМЯТКА

**Уважаемые работники, преподаватели и студенты КазНУ! Во избежание возникновения пожара соблюдайте правила пожарной безопасности:**

1. Следите за исправностью электропроводки, выключателей и розеток.
2. Держите электрические приборы, плиты в исправном состоянии, на несгораемых подставках, подальше от штор, мебели и горючих материалов.
3. Не допускайте включения в одну сеть несколько электроприборов, это приводит к перегрузке электросети.
4. Не используйте самодельные электронагревательные приборы, некалиброванные плавкие вставки (жучки) или другие самодельные аппараты защиты от перегрузки и короткого замыкания.
5. Не используйте обогреватели для сушки белья, не используйте для обогрева газовые плиты.
6. Уходя из дома, убедитесь, что все газовое и электрическое оборудование выключено.
7. Не курите в постели, не выбрасывайте окурки с балконов и лоджий.
8. Не допускайте бесконтрольное оставление на плите готовящейся пищи.
9. Храните спички и зажигательные приборы в местах, недоступных для детей. Не оставляйте детей одних без присмотра.
10. Никогда не оставляйте без присмотра включенные электроприборы.
11. Не закрывайте электролампы и другие светильники бумагой и тканями.
12. Не загромождайте мебелью, оборудованием и другими горючими материалами (горючими жидкостями) балконы (лоджии), а также эвакуационные выходы и лестницы.
13. Не устраивайте склады горючих материалов в подвалах и цокольных этажах,

## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Тілшілер: **Жазгерке ҚАРАТАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

## МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы  
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17

Тел: 8(727) 273-12-04

## Бағасы келісім бойынша.

**Таралымы 1000 дана**  
**Тапсырыс: №3023**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.